

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы  
медицина колледжі**

**БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ**

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

Оқу түрі: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 1 жыл 6 ай

Циклдар мен пәндер индексі: АП 11

Курс: 2

Семестр: 3

Пән: «Мамандандырылған мейіргерлік күтім және дәлелді практика»

Бақылау нысаны: Емтихан

Барлық сағат/кредит көлемі КЗ: 96/4


ONTUSTIK KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-І» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		№72/11 ( ) 16 беттің 2 беті

Бақылау өлшеу құралдары «Мамандандырылған мейіргерлік күтім және дәлелді практика» пәнінің жұмыс бағдарламасы негізінде құрастырылып, бекітілді.

Құрастырушы:  Әбдігани А. Н.

Хаттама № 1 " 27 "  2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  Серикова Б.Д.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	№72/11 ( ) 16 беттің 3 беті
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары			


## 8.1. Пән/модуль бойынша тесттер

### Аралық бақылау 1


1. «Ғылыми дәлелденген медицина» немесе «Evidence based medicine» термині ұсынылған жыл:
  - A. 1990ж
  - B. 1992ж
  - C. 1993ж
  - D. 1995ж
  - E. 1996ж
2. «Ғылыми дәлелденген медицина» немесе «Evidence based medicine» терминін ұсынған...
  - A. Канадалық ғалымдар
  - B. Америкалық ғалымдар
  - C. Жапониялық ғалымдар
  - D. Ресейлік ғалымдар
  - E. Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
3. Дәлелді медицинаның дұрыс алғышарттары:
  - A. жылына 40000 астам мақала
  - B. ақпараттың көп емес мөлшері
  - C. ақпаратты мерзімдік алмасым
  - D. көнерген медициналық білімдер
  - E. 100 000-нан астам мақала
4. Дәлелді медицина принциптеріне негізделмеген шешімді қабылдау:
  - A. қысқа мәтінге негізделіп шешімдерді қабылдау
  - B. ғылыми әдіске негізделіп шешімдерді қабылдау
  - C. ауруға байланысты шешімдерді қабылдау
  - D. науқастың беделіне байланысты шешімдерді қабылдау
  - E. экономикалық шығынға негізделіп шешімдерді қабылдау
5. Дәлелді медицинаның негізгі аспектісі:
  - A. ғылыми ақпараттың сенімділігін айқындау
  - B. денсаулық сақтау экономикасындағы дәлелдемелерді сыни талдау
  - C. медицинадағы негіздемелі мәліметтерді айқындау
  - D. биологиялық зерттеулердің үздік нәтижелерін айқындау
  - E. озық эпидемиологиялық нәтижелерді айқындау
6. Дәлелді медицинаға жатады:
  - A. клиникалық шешімді қабылдау үшін ғылыми ақпаратты талдау, жинау технологиясы
  - B. ғылыми ақпаратты ақпараттық іздеу
  - C. ақпараттық материалдардың жинау технологиясы
  - D. дәлелді ғылыми ақпараттың талдауы, жинақтауы, іздеу технологиясы
  - E. клиникалық ақпаратты дұрыс қабылдаудағы шешім
7. Клиникалық сынақ – бұл ... .
  - A. клиникалық зерттеулердің тәмамдаушы кезеңі
  - B. ғылымдағы зерттеу
  - C. медицинадағы зерттеулер
  - D. сараптама жүргізуден тұратын клиникалық зерттеу кезеңі
  - E. ғылыми ақпарат жинаудан тұратын клиникалық зерттеу кезеңі
8. «Дәлелді медицина» ұғымын қай университет ғалымдары енгізді:
  - A. Мак-Мастер

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		№72/11 ( ) 16 беттің 4 беті

- В. Сорбонна  
 С. Гарвардтық  
 D. Оксфордтық  
 E. Кембридж
9. «Дәлелді медицина» ұғымы енгізілген университеттің орналасқан елі:  
 А. Канадада  
 В. АҚШ-та  
 С. Англияда  
 D. Францияда  
 E. Германияда
10. PICO қағидасы мынаны білдіреді:  
 А. 4 құрамды сұрақты құрастыру  
 В. ғылыми ақпаратты іздестіру  
 С. 2 құрамды сұрақты құрастыру  
 D. ғылыми ақпаратты сыни талдау  
 E. клиникалық сұрақты дұрыс тұжыру
11. Дәлелді медицинадағы 1-ші қадам:  
 А. клиникалық сұрақты құру  
 В. тәжірибелік жетекшілік жасау  
 С. таңдалған тақырып бойынша мақалалар жазу  
 D. таңдалған тақырып бойынша ақпаратты іздестіру  
 E. ғылыми мәліметтерді тәжірибеде қолдану
12. Дәлелді медицинадағы 2-ші қадам:  
 А. электронды мәліметтер базасында ғылыми ақпараттарды іздестіру.  
 В. әлемдік әдебиеттердегі сұрақ жайын қарастыру.  
 С. мақала шығару.  
 D. емдеу әдісін таңдау.  
 E. жорамалдау әдістерін таңдау.
13. Дәлелді медицинадағы 3-ші қадам:  
 А. ғылыми ақпаратты сыни талдау  
 В. тәжірибелік жетекшілік жасау  
 С. таңдалған тақырып бойынша мақалалар жазу  
 D. таңдалған тақырып бойынша ақпаратты іздестіру  
 E. клиникалық сұрақты тұжыру
14. Дәлелді медицинадағы 4-ші қадам:  
 А. ғылыми мәліметтерді тәжірибеде қолдану  
 В. тәжірибелік жетекшілік жасау  
 С. таңдалған тақырып бойынша мақалалар жазу  
 D. таңдалған тақырып бойынша ақпаратты іздестіру  
 E. клиникалық сұрақты тұжыру
15. Қолданбалы сұрақ бөліктерінің біріне жатады:  
 А. нәтиже  
 В. жорамал  
 С. мүгедектену  
 D. дәрілік құрал  
 E. жазылу
16. Қолданбалы сұрақтың міндетті бөлігі:  
 А. науқас немесе мәселе  
 В. сұраулы сөз

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	№72/11 ( ) 16 беттің 5 беті
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		

- С. жағдайды модельдеу  
 D. медициналық жұмыскер  
 E. әдебиет
17. Клиникалық эпидемиологияда клиникалық нәтижеге жатқызылады:  
 A. мүгедектену  
 B. тәуекел  
 C. жорамал  
 D. жиілік  
 E. емдеу
18. Клиникалық сұрақ компонентіне жатқызылады:  
 A. жорамал  
 B. дәрі  
 C. өлім  
 D. патологиялық көріністер  
 E. морфологиялық деңгейдегі өзгерістер
19. Клиникалық эпидемиологияның негізгі қағидаларының бірі:  
 A. жалпылау  
 B. сапалық әдіс  
 C. науқасты жеке емдеу  
 D. инфекциялық аурулардың емдеу принциптерін құрастыру  
 E. инфекциялық емес аурулардың емдеу принциптерін құрастыру
20. Сандық тәсіл мынаған жатқызылады:  
 A. клиникалық эпидемиология қағидаларына  
 B. клиникалық эпидемиология міндеттеріне  
 C. дәлелді медицина қағидаларына  
 D. дәлелді медицина міндеттеріне  
 E. клиникалық эпидемиологиядағы бастауларға
21. Ішкі негізділік – бұл ... .  
 A. сенімділік  
 B. талдап қорытылғандық  
 C. дәлелдемелілік  
 D. әйгілену  
 E. нәтижелерді бағалау
22. Науқастану жиілігі мынаған жатқызылады:  
 A. клиникалық сұрақтарға  
 B. клиникалық бастауларға  
 C. медицинаның жалпы сұрақтарына  
 D. клиникалық эпидемиология аспектілеріне  
 E. дәлелді медицина аспектілеріне
23. Мүгедектену мынаған жатқызылады:  
 A. клиникалық нәтижеге  
 B. клиникалық эпидемиология аспектілеріне  
 C. клиникалық сұрақтарға  
 D. медицинаның жалпы сұрақтарына  
 E. дәлелді медицина аспектілеріне
24. Диагнозды қоюға «...» сұрағы жатады.  
 A. Ауруды диагностикалауда қаншалықты нақты әдіс қолданылды?  
 B. Бұл ауру қаншалықты жиі кездеседі?  
 C. Аурудың қауіп жоғарлататын қандай факторлармен байланысты?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	№72/11 ( ) 16 беттің 6 беті
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары			

- D. Емдеу кезінде аурудың болжамы қалай өзгереді?
- E. Қандай факторлар ауруға алып келеді?
- 25. Құнды білдіретін сұраққа «...» жатады.
- A. Осы ауруды емдеу құны қанша тұратындығы?
- B. Науқастың кездесу жиілігі қандай екендігі?
- C. Науқасты жорамалдау үшін пайдаланылған әдістердің нақтылық деңгейі?
- D. Науқастың ұшырасу жиілігін?
- E. Қандай факторлар науқастануға алып келетіндігі?

### Аралық бақылау 2

1. «Қандай факторлар науқастанудың жоғарғы ықтималдылығымен байланысты?» сұрағы мынаған жатқызылады:

- A. қатер
- B. бастауға
- C. диагноз
- D. жорамалға
- E. емдеуге

2. «Науқастану салдары қандай?» сұрағы мынаған жатқызылады:

- A. жорамалға
- B. сұраққа
- C. клиникалық бастауға
- D. жорамалдауға
- E. емдеу әдісіне

3. Үйде, жұмыста, демалыс кезеңінде әдеттегі іс-әрекетке қабілетсіздік – бұл ... .

- A. мүгедектену
- B. науқастану
- C. қолайсыздық
- D. қанағаттанбаушылыққа
- E. сауығуға

4. Қанағаттанбаушылық – бұл ... .

- A. ауру мен жүргізілген емдеу түріне эмоционалды жауап қайтару
- B. әдеттегі іс-әрекетке қабілетсіздік
- C. емдеуге реакция
- D. ағзаның қорғаныс жауабы
- E. нашар бастау

5. Клиникалық эпидемиология қағидасы:

- A. клиникалық нәтижелерге бағытталу
- B. клиникалық міндет құрылымы
- C. сұрақ құрылымы
- D. клиникалық тәсіл
- E. нәтижелілік

6. Дәлелді медицинада ақпаратты іздестіру мынадан басталады:

- A. мәліметтер базасын анықтау
- B. мақала басу
- C. көшірмелеу
- D. мақалалар оқу
- E. түйіндемені қарастыру

7. Клиникалық эпидемиология мақсатының компонентіне жатады:

- A. клиникалық бақылау әдістерін жасау және қолдану

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		№72/11 ( ) 16 беттің 7 беті

- В. ғылыми жобаларды жаңарту
- С. зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру
- Д. тәжірибелі мейіргерлер зерттейді
- Е. мейіргерлік зерттеуді ұйымдастыр
8. Medline-да ақпараттарды мына жылдардан бастап табуға болады:
- А. 70-ші
- В. 50-ші
- С. 80-ші
- Д. 90-шы
- Е. 2000-шы
9. Мамандандырылған сайттар түсінігі – бұл ... .
- А. медицина бойынша тұтастай және оның жекелеген бөлімдері бойынша ақпараттардан тұрады
- В. белгілі категориялар бойынша ақпараттардан тұрады
- С. дәлелді медицина жөніндегі ақпараттардан тұрады
- Д. хирургия бойынша ақпараттардан тұрады
- Е. терапия және хирургия бойынша ақпараттардан тұрады
10. Мамандырылған сайттарға ... тұратын сайттарды жатқызуға болады.
- А. медицина туралы ақпараттан және жеке бөлімдерден
- В. денсаулық сақтаудағы тек жеке бөлімдегі ақпараттан
- С. денсаулық сақтаудағы жалпы ақпараттан
- Д. дәлелді медицинадағы таңдаулы ақпараттан
- Е. денсаулық жайындағы ғылыми - белгілі ақпараттан
11. Дәлелді медицина бойынша мамандандырылған сайт:
- А. National Guidelines Clearinghouse
- В. British medical journal
- С. Медициналық сервер
- Д. Ресейлік электронды сайт
- Е. Халықаралық электронды сайт
12. Электронды журналға жататыны:
- А. The Lancet
- В. The Population
- С. ДМ мамандары қоғамы сайты
- Д. Consilium Medicum
- Е. Денсаулық сақтау Хабаршысы
13. Ғылыми дәлелдердің көздері:
- А. DARE, MEDLINE сайттары
- В. мұрағат көздері
- С. статистикалық мәліметтер
- Д. заңнамалық материалдар
- Е. экономикалық материалдар
14. Базалық клиникалық сұрақ мазмұны:
- А. 2 компонент
- В. 1 компонент
- С. 3 компонент
- Д. 4 компонент
- Е. 5 компонент
15. Клиникалық сынақ – бұл ... .

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИЯСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары	№72/11 ( ) 16 беттің 8 беті	

- А. жаңа теоретикалық білім шынайылығы тексерілетін клиникалық зерттеудің соңғы кезеңі
- В. іс-әрекет тобында медициналық әрекетті жүргізу тәсілі
- С. іс-әрекет тобында немесе салыстыру тобына медициналық әрекетті жүргізу тәсілі
- Д. клиникалық бастау мен медициналық әрекет арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау үшін науқастар іс-әрекет тобына енгізілетін ретроспективті зерттеу
- Е. қарастырылушы жорамалдық фактор ретінде терапевтикалық іс-әрекет нәтижесі көрінетін обсервациялық зерттеудің арнайы түрі
16. Клиникалық сынақ дизайны – бұл ... .
- А. клиникада ғылыми-зерттеу жүргізу тәсілі, оның ұйымдастырылуы
- В. іс-әрекет тобында медициналық әрекетті жүргізу тәсілі
- С. іс-әрекет тобында немесе салыстыру тобына медициналық әрекетті жүргізу тәсілі.
- Д. салыстыру тобына медициналық әрекетті жүргізу тәсілі
- Е. сараптамалық зерттеу жүргізу тәсілі
17. Клиникалық сынақ дизайнының типі – бұл ... .
- А. топтастырушы белгілердің жиынтығы
- В. белгілі типтік клиникалық міндеттер
- С. ем тағайындау
- Д. сауықтырушы іс-шаралар жүргізу
- Е. клиникалық сынақ жүргізуге арналған науқастар тобы жиынтығы
18. Жүктеуші белгілердің жиынтығы ретінде дизайн типіне сәйкес келеді:
- А. белгілі типтік клиникалық тапсырмалар
- В. болжам әдісі
- С. жорамалдау әдісі
- Д. сауықтыру әдісі
- Е. құнды есептеу әдістері
19. Нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістері жатады:
- А. клиникалық сынақ дизайнының топтастырушы белгілер жиынтығына
- В. клиникалық сынаққа
- С. клиникалық міндеттерге
- Д. медициналық процедураға
- Е. мәліметтерді өңдеу белгілеріне
20. Клиникалық сынақтағы зерттеу әдістері мынаған сәйкес болуы тиіс:
- А. клиникалық сынақ дизайнының топтастырушы белгілер жиынтығына
- В. клиникалық зерттеу белгілерінің жиынтығына
- С. медициналық зерттеулер тізіміне
- Д. статистикалық зерттеулерге
- Е. ғылыми зерттеулерге
21. Науқастар тобы сипатталатын және белгілі сипаттамалары бойынша бақыланатын, зерттеуші белсенді түрде аралспай, бақылау жолымен мәліметтерді жинайтын зерттеу ...деп аталады.
- А. обсервациялық
- В. экспериментальды
- С. квази-экспериментальды
- Д. ғылыми
- Е. көлденең
22. Обсервациялық зерттеудің ерекшелігі, онда зерттеуші:
- А. оқиғаға белсенді араласпай, оны бақылайды



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ( )
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 9 беті

- В. оқиғаға белсенді араласады
  - С. оқиғаға белсенді араласа отырып, оны сипаттайды
  - Д. оқиғаны белсенді түрде өзгертеді
  - Е. ауру ағымы әралуан модельдерін жасайды және сараптайды
23. Егер науқастардың бір немесе одан көп тобы белгілі сипаттамалары бойынша сипатталып, бақыланатын болса, онда бұл зерттеудің қай түрі екендігін анықтаңыз:
- А. обсервациялық зерттеу
  - В. экспериментальды зерттеу
  - С. математикалық зерттеу
  - Д. статистикалық зерттеу
  - Е. жорамалдық зерттеу
24. Іс-әрекет нәтижелері бағаланатын және зерттеу нысаны бақыланатын зерттеуге жатқызылатын зерттеу түрін анықтаңыз:
- А. экспериментальды зерттеулерге
  - В. обсервациялық зерттеулерге
  - С. модельдеу әдістеріне
  - Д. материалды статистикалық өңдеу әдістеріне
  - Е. жорамалдау әдісіне
25. Зерттеу нысаны ... зерттеу түрінде кездеседі.
- А. тек экспериментальды
  - В. экспериментальды және обсервациялық
  - С. тек обсервациялық
  - Д. обсервациялық және жорамалдаушы
  - Е. экспериментальды және жорамалдаушы

## 8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары

1. Дәлелді медицина анықтамасын айтып беріңіз.
2. Дәлелді медицина даму тарихын баяндап беріңіз.
3. Әке-шешесі темекі шегетін жанұяда жылына бала бірнеше рет пневмониямен ауырған. Шешесі дәрігерге келіп сұрайды: «Мүмкін баланың пневмониямен ауыратынына біздің темекі шегетіміз әсер етеді ме?». Мейіргер бұл сұраққа жауапты деректер базасына жүгініп іздейді. Бұл мәселенің жауабын табу үшін PICO формуласы бойынша клиникалық сұрақ құрастырыңыз.
4. Дәлелді медицина қай салада қолданылады?
5. Дәлелді медицинаның дүние жүзілік даму тәжірибесі туралы не білесіз?
6. Клиникалық эпидемиологияның мақсаты.
7. Дәлелді медицинаның 5 кезеңдері.
8. Клиникалық эпидемиологияның мақсаты.
9. PICO қағидасы.
10. Дәлелді медицина дамуының алғы шарттары туралы айтып беріңіз.
11. Электронды мейіргерлік журналдар.
12. MEDLINE ерекшелігі.
13. Рандомизацияланған контрольды зерттеу типі туралы не білесіз?
14. Дәлелді мейіргерлік тәжірибені қалай енгізуге болады?
15. Дәлелді мейіргер ісінің негізгі ерекшеліктері неде?
16. Дәлелді медицинаның 5 сатысын атап шығыңыз және оларға түсіндірме беріңіз.
17. Дәлелді мейіргер ісінің негізгі ерекшеліктері неде?

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары	№72/11 ( ) 16 беттің 10 беті	

18. Дәлелді мейіргерлік тәжірибеге қалай оқытуға болады?
19. Қазақстандағы мейіргерлік практикадағы дәлелді мейіргер ісінің даму бағытын сипаттап беріңіз.
20. Дәлелді ақпарат көздерін іздестіру жолдары қалай құрастырылады?
21. Мейіргер ісіндегі негізгі деректер базасы қандай?
22. Жүйелі шолудың әдеби шолудан айырмашылығын айқындап беріңіз.
23. Дәлелді мейіргер ісіне негізделген аудиттің жобалық жоспарын құрастыр.
24. Мейіргер ісін жетілдіру.
25. PICO принципін дәлелді мейіргер ісіндегі ролі қандай?
26. Дәлелді мейіргер ісіндегі зерттеу типтері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.
27. Мейіргер ісінде көшбасшылыққа үйрету.
28. PICO-принципін қолдана отырып, клиникалық сұрақтарды қалыптастыруды көрсетіп беріңіз.
29. Дәлелді мейіргерлік тәжірибе.
30. Қазақстандағы мейіргер ісі.
31. Интернеттен ақпараттарды іздестіру және пайдалана білу.
32. Ғылыми мақалаларды талдау және сынай бағалау.
33. Медициналық ақпараттардың көздерінің артықшылығы мен кемшіліктері.
34. Дәлелді мейіргерлік практиканы енгізудегі артықшылықтары мен кедергілер
35. Денсаулық сақтау жүйесіндегі дәлелді медицина.
36. Дәстүрлі «дәлелдер иерархиясы».
37. Дәлелді мейіргерлік практиканың ҚР дамуы мен кедергілері.
38. Когортты зерттеулер.
39. Электрондық ресурстар.
40. Дәлелді медицинаның ақпарат көздері.
41. Клиникалық эпидемиология мен дәлелді медицинада қолданылатын биостатистиканың негізгі көрсеткіштері.
42. Медициналық шешімдердің дәлелділігі.
43. Рандомизирленген клиникалық зерттеулер.
44. ДМ сүзгісін қолдана отырып Интернетте ақпарат іздестіру.
45. Пациенттердің ғылыми зерттеулердегі ролі. Пациенттердің құқығы.
46. Скрининг бағдарламаларының негіздері
47. Когортты зерттеулер
48. Қарапайым соқырлау әдісі, үштік соқырлау әдісі.
49. Проспективті және ретроспективті зерттеулер
50. Клиникалық зерттеулерді жоспарлау
51. Науқас ауруханада жатыр диагнозы: аяқтағы көк тамырдың кеңеюі, аяқ астынан варикоз түйіндерінен қан кете бастады. Мейіргерді шақырды, науқастың терісі бозғылт жалпы әлсіздік. бас айналу. Балтырдың ішкі жағында кеңеиген веналардың түйіндері. Оның үстіндегі тері пигментацияланған. Оң жақ балтырының үштен бір бөлігінде қан кетуде. Қан қысымы. АҚ 105/65 мм рт. ст. ТАЖ 22 мин. Ішкі мүшелердің бұзылуы байқалмайды. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.
52. Дәлелді медицина тұрғысынан ауруды емдеу мен алдын алудың әртүрлі әдістерін бағалау.
53. Дәлелді медицинаның негізгі қағидалары.
54. ҚР-дағы ғылыми медициналық журналдар.
55. Medline медициналық ақпаратты іздестірудің библиографиялық жүйесі.
56. Кокрайн кітапханасымен жұмыс істеу ережелері.
57. Дәлелді медицинадағы клиникалық зерттеулердің жіктелуі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары	№72/11 ( ) 16 беттің 11 беті	

58. Мейіргерлік тәжірибе үшін клиникалық зерттеу мен басшылықтың маңызы.
59. Сұрақтарды қалыптастырудағы өзекті мәселелер.
60. Аппендэктомиядан соң науқас хирургия бөлімінің палатасында жатыр. Операция 3 күн бұрын жасалған. Операциядан кейінгі ағымы асқынусыз. Бірақ, 3 – күні кешкісін дене қызуы  $37,8^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілді, қалтырау, дімкәстік, операциядан кейінгі жара орнында пульсацияланатын ауыру сезімі мазалауда. Қараған кезде операциядан кейінгі тігіс орнының ісінуі, қызаруы, 3 тігіс ажыраған. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.
61. Дәлелді медицина дамуының алғышарттары туралы айтып беріңіз.
62. Жағдай және бақылау зерттеу типі туралы не білесіз?
63. Стационардың «күйік» бөлімінде мейіргер қызметінде жұмыс істейсіз, 65 жастағы ер адам келіп түсті, түскен кездегі диагнозы: Іштің төменгі бөлігінің, сан және сирақтың термиялық күйік алуы, II – III дәрежеде. Күйік ауруы, септикотоксемия. Мейірбикенің анықтағаны: ер адамның жағдайы орта дәрежелі, өз жағдайына алаңдауда, күйік ауруынан айығуын ойлауда және өз жақын адамдарын күтуде. Дене қызуы  $38^{\circ}\text{C}$ , АҚҚ 140/90 мм сын. бағ., пульсі 90 рет минутына, ТАЖ 20 рет минутына. Күйіп қалған терісі қызарған, айқын байқалатын ісіну, іріңді бөлінумен жабылған, іштің алдыңғы тері беткейінде – тіндердің некрозды аймақтары анықталды. Таңу материалына серозды – іріңді бөліну жағылған. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.
64. Рандомизацияланған контрольды зерттеу типі туралы не білесіз?
65. Ғылыми ақпаратты жүйелі шолу және мета анализ, оның негізгі анықтамасын және сипаттамасын айтып беріңіз.
66. 7 жастағы жеткіншек далада бір сағат шамасында жалаңаш қолымен қармен ойнады, тонды. Үйге кіріп жылынған соң саусақтарының ауырғанына және ісінгеніне шағымдана бастады. Анасы емханаға қаратуға апарды. Жас өспірім бала қорқып тұр, оң қол саусақтарының ауырып жатқанына және саусақтарының қимыл – қозғалысының шектелгеніне шағымданды. Оң қолдың IV және V саусақтарының тері беткейі қошқыл қызғылт – көк түсті, ашық түсті сұйықтыққа толы күлдір бөртпе анықталды. Зақымдалған саусақтардың ісінуі байқалады, қолына қарай таралып жатқаны анықталды. Сезімталдылығы сақталған. Пульсі 78 рет минутына, АҚҚ 120/80 мм сп. бб. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.
67. Қазақстандағы мейіргерлік практикадағы дәлелді мейіргер ісінің даму бағытын сипаттап беріңіз.
68. Дәлелді ақпарат көздерін іздестіру жолдары қалай құрастырылады, Мейіргер ісіндегі негізгі деректер базасы қандай?
69. Емханадағы хирург дәрігердің қабылдауына әйел адам қаралды, ол 5 минут бұрын стаканға құйылып тұрған уксус эссенциясын кенет білместен ішіп қойған. Науқас қобалжулы, алғашқы көмек көрсетуді сұрануда, мүгедек болып қалудан қорқатынын айтты. Сұраған кезде мейірбике анықтады: науқас өңеш жолы бойымен асқазанға қарай құсуды шақыртатын ауырсыну сезіміне шағымдануда. Қараған кезде мейірбике анықтады: ауыз қуысының кілегей қабаты беткейлі қызарған, кей бір жерлері ақ бөртпемен қапталған, сілекейдің көптеп бөлінуі мазасындандыруда. Пульсі 96 рет минутына, ырғақты, толымдылығы қанағаттанарлық. АҚҚ 130/80 мм. сп. бб. Тыныс алуы мұрын арқылы, бос дем алады, беткейлі минутына 24 рет, дауысы қарлыққан. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.
70. Дәлелді медицинаның 5 сатысын атап шығыңыз және оларға түсіндірме беріңіз.
71. Дәлелді мейіргер ісінің негізгі ерекшеліктері неде?
72. «Күйік алу» бөліміне науқас түсті, оның медициналық диагнозы: дененің алдыңғы беткейінің және екі санының термиялық күйігі. Күйік шоғы. Мейіргер сұрау жүргізген

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИЯСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары	№72/11 ( ) 16 беттің 12 беті	

кезде анықтады: үй жағдайында үш сағат бұрын қайнап тұрған судан күйіп қалған. Науқас тежелген, қойылған сұраққа жауап береді, ауырсыну сезіміне шағымданады. Қараған кезде: тері беткейі бозғылт түсті, дененің алдыңғы беткейі және сандары қызарған, ісінген, көлемі әр түрлі күлдір бөртпелер көп, мөлдір түсті сұйықтыққа толы. Пульсі 104 рет минутына, ырғақты, толымдылығы қанағаттанарлық. АҚҚ 110/70 мм сп. бб. Тыныс алуы мұрын арқылы, бос дем алады, беткейлі минутына 24 рет. Кіші дәреті сирек, көлемі аз. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

73. Жүйелі шолудың мүмкіндіктері мен шектеулері.

74. Дәлелді мейіргер ісіне негізделген аудиттің жобалық жоспарын құрастыр.

75. Емхананың хирургиялық бөлмесіне 40 жастағы науқас қаралды, қол саусақтарының ауырсынуына және аяқ – қолдардың ұюына шағымданды. Мейірбике анамнезінен анықтады: науқас екі сағаттың көлемінде қолғапсыз суықта тұрып қалған. Қараған кезде анықталды: қол саусақтарының терісі бозғылт түсті, сезімталдылығы бұзылған. Пульсі 80 соққы минутына, АҚҚ 130/80 мм. сп. бб., ТАЖ 18 рет минутына, температурасы 36,9<sup>0</sup>С. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

76. PICO принципінің дәлелді мейіргер ісіндегі ролі қандай?

77. Дәлелді мейіргер ісіндегі зерттеу типтері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

78. Орта оқу орнының медициналық пунктіне оқушы қаралды, ол ішінің оң жақ бөлігінің ауыруына және көңілінің айнуына шағымданды. Мейірбике сұраған кезде ауырсыну сезімінің 12 сағат бұрын эпигастральді аймақ жактан басталғанын анықтады, бір рет құсу болған. Қараған кезде: жағдайы орта дәрежелі ауырлықта, тері жабындысы қалыпты түсте, тілі құрғақ, ақ жабындымен қапталған. Пульсі 104 рет мин., АҚҚ 120/80 мм.сп.бб., температурасы 37,8<sup>0</sup>С градус. Іштің оң жақ бөлігі күштенуі және тынысалу кезінде қалып қоятындығы анықталды. Оң жақ мықын аймағында Щеткин-Блюмберг симптомы оң мәнді болып шықты. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

79. PICO-принципін қолдана отырып, клиникалық сұрақтарды қалыптастыруды көрсетіп беріңіз

80. Кездейсоқ қателер мен жүйелік қателіктердің бағалау әдістері туралы және олардың айырмашылықтарын түсіндіріп беріңіз.

81. Операциядан кейінгі палатада 36 жастағы науқас әйел адам жатыр, диагнозы: жіті флегмонозды аппендицит. Мейіргерге операция жасаған орын мен ішінің ауырғанына шағымданды. Қараған кезде: температурасы 37,8<sup>0</sup> С, пульсі 86 рет минутына, толымдылығы қанағаттанарлық, АҚҚ 130/80 мм.сп.бб., ТАЖ 20 рет минутына. Операциядан кейін 3 сағат өтті, науқас кіші дәретке шықпаған. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

82. Когортты зерттеудің жағдай мен бақылау зерттеу түрінен айырмашылығы неде?

83. Ғылыми мақалаларды талдау және сынау бағалау қандай негізгі принциптерге негізделеді?

84. Науқасқа сүт безінің қатерлі ісігінің болуына байланысты радикалды мастэктомия жасалынды. Операциядан кейінгі химио терапияны науқас көтере алмаған, шаштары түсіп, лоқсу, құсу байқалған мейіргермен сөйлескенде химиотерапияның қажеті жоқтығын айтады. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

85. Дәлелді мейіргерлік практиканы енгізудегі артықшылықтары мен кедергілер.

86. Денсаулық сақтау жүйесіндегі дәлелді медицина.

87. Дәлелді медицинадағы зерттеудің дизайны.

88. Дәлелді мейіргерлік практиканың ҚР дамуы мен кедергілері

89. Дәлелді мейіргерлік практиканың әлемдік деңгейде дамуы мен кедергілері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ( )	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 13 беті	

90. Дәлелді медицинада клиникалық шешімді қабылдау кезеңдері.

### 8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) Сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қол жеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.


Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

#### Аттестация

#### Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	
Бағалау критерийлері	<p><b>Өте жақсы «A»:</b> Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда</p> <p><b>Жақсы «B+» - «C+»:</b> Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда</p> <p><b>Қанағаттанарлық «C» - «D»:</b> Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда</p> <p><b>Қанағаттанарлықсыз «FX» - «F»:</b> Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда</p>		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомосқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары	№72/11 ( ) 16 беттің 14 беті	

**Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК Симуляция + ТК (аралық бақылау) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (Е x 40%)**

**Емтихан: қорытынды тест**

**Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар):**

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

**Бағалау критерилері:**

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

**Тапсыру мерзімі:**

Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA -1979-</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-І» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары</p>	<p>№72/11 ( ) 16 беттің 15 беті</p>	

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA -1979-</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-І» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары</p>	<p>№72/11 ( ) 16 беттің 16 беті</p>	